

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Северо-Казахстанская область**

Аблай Аққу .....	2
Бимендеев Серік.....	3
Елжанова Айгерім.....	5
Есбатырова Гүлнара .....	7
Жеңіс Жанерке.....	10
Кайрушева Динара .....	13
Кубеева Ақбота .....	15
Кусаинов Есбол .....	17
Қойбағарова Ақтолқын .....	20
Құсаинов Әділхан .....	23
Нұрманғали Гүлнұр.....	25
Оразбай Али.....	27
Рахметова Жанна.....	29
Суханцова Юлия .....	32
Сұлтан Асылзат .....	34
Темірболатов Шыңғыс, Батыр Бауыржан.....	37

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Аблай Акку**

Ақсары негізгі мектебінің 7

Пән мұғалімі: Раисова Макпал Ажкеновна

### **Ер есімі, ел есінде!**

Ұлы Отан соғысы аяқталып, бейбіт өмір сүріп жатқанымызға биыл 71 жыл. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік есте қалатын күн.. Ұлы Отан соғысына қатысқан ержүрек те, батыл аталарымыз бен апаларымыз, біздің жерімізді, елімізді басқыншы жаудан қорғап қалған. Бүгінде әр халық өз батырларын дәріштеп, қастерлеуде, аттарын асқақтатуда. Олардың ерлігін баяндайтын көптеген әңгімелер мен өлеңдер жазылған еліміздің барлық қалаларының, саябақтарында, көшелерінде шағын аудан, ауылдарында олардың ерлік, ержүректілігіне арналып, ескерткіштер қойылған. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, бүкіл Кеңес Одағындағы өзге елдердің азаматтары сияқты біздің елдің де ер азаматтары мен қыздары бірінші күннен соғысқа қатысты.

1941-1945 жылдар аралығында болған соғыс еліміздің қаншама адамдарының өмірін қиды, еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін тынбай жұмыс істеді. Елімізге төнген үлкен қауіп соғыс барлық адамзат баласын біріктірді. Осы барлық халықтың бірігуінің арқасында Жеңіске жетті. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Солардың бірі менің Мусин Хамзе атам. Соғыс басталғанда ауылдың ер азаматтарымен бірге соғысқа аттанған екен Сол соғыстан менің ержүрек атам қайтпады. Мен өзімнің дәл бүгінгі күндей бақытты өмір сүруіме өз үлесін қосқан атамды мақтан етемін! Менің туып өскен Ақсары ауылының өзінен соғысқа кеткен қырық алты ер азаматтың жиырма төрті ғана соғыстан қайтып оралған. Жылда 9-мамыр күні ауылымызда соғыс ардагерлеріне орнатылған ескерткішке гүл шоқтары қойылып, ауылдың үлкендеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалады.

Олар - біздің мақтанышымыз! Қазіргі кезде сол ұлы Отан соғысына қатысқан аталарымыз бен апаларымыздың қатары сиреп, азайып қалды.

9 мамыр –Жеңіс күнің ел болып тойлау, біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау керекпіз. Биыл Ұлы Отан соғысының жеңісіне 71 жыл толуына орай еліміздің әрбір жерінде әртүрлі іс-шаралар, мерекелік кештер өткізілуде. Соғыс ардагерлерінің орасан зор еңбегін еш уақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін!

**Бимендеев Серік**

1942 жылы шілде айында жарты жылға созылған Сталинград шайқасы басталды. Фашистік Германия совет әскерінің қарсылыстығын тез арада жойып, тоқтамас шерумен Волгаға дейін жетуді жоспарлаған. Волга мен Дон өзендерінің арасында қанішер соқтығыстарда көптеген әскерін жоғалтқанымен, қарсыластарымыз біздің әскердің қорғанысын бұзып, Сталинградтың солтүстігіндегі Волгаға қол жеткізді. Күндіз-түні қантөгіс соғыстың шуы басылмады, бүкіл қала от пен түтін астында қалды. Волганың өзі алау астында көрінді. Соғыс шегі қараша айында Волга өзенінен бір шақырым жерде өтті, көптеген стратегиялық маңызды биіктер фашистердің қол астында болды және сол биіктерден фашистер совет әскерлерін атқылады. Көптеген адамдардың мерт болғанына қарамастан, Сталинград қаласын алуға бірінен соң бірі жаңа вермахттың бөлімдеріне келіп жатты. 62 әскер басқарушысы генерал Чуйков В.И. былай деп жазған: «Гитлер бүкіл Германияны осы бір қаланы алу үшін құрбан етуге дайын болып көрінді».

1942 жылы күз айында Сталинград ауданына 70-тен көп жаңа дивизиялар жұмылдырылды, қарсалыстан күші 2 есе өскендей болды. Бірақ дұшпан жерімізге тереңдей кірген сайын, Сталинград қорғаушыларының қарсыластығы күшейе түскендей болды. Сталинград жерінің әр метрін, әр көшесін, әр үйін тіспен қорғады.

Біздің жерлесіміз, Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Архипович Легостаев Сталинград шайқасына қатысқан кезінде жарақат алып көрген тәжірибелі солдат еді, бірақ сол жерде басынан кешкенді соғыс аяғына дейін көрмеді. «Сталинград жерін қатерлі темір-терсек басып қалды. Топырақты уыстап алып, саусақ арасынан терсек, қолында оқ болмаса, жарқыншақ қалар еді. Бұл жерде болған нәрсені сөзбен айтып жеткізуге болмас. Тоқтаусыз бомбылау, артиллериялық және минометтік атыстар. Бірінен соң бірі жалғасқан немістік әскерлердің шабуылы. Шайқас трактор зауытының ғимараттарында да жүргізілді, әр көше үшін, әр ғимарат үшін қантөгіс болды. Ғимараттар кейде «қатпар- қатпар пирогті» еске түсірді. Астыңғы қабатта біздікілер, ортаңғыда – жау, одан кейінгі қабатта -біздікілер. Кезектес жетістікпен ғимараттан бір-бірімізге отпен қуып отырдық». Сталинград қабырғаларында гитлерлік ең мықты әскерлерді жинап, оларға керемет соққы беріп, қала қорғаушылары осы қантөгіс соғыста жеңіске бет бұрды. Сталинград түбіндегі жау әскерлері 1943 жылы 2 ақпанда көзі жойылды. Сталинград түбінде 200 күн шайқас кезінде вермахт 1,5 миллион адам жоғалтты.

Қазақстандықтардың Сталинград шайқасына қосқан үлесін айтқанда, Волгоград батыр қаласының ортасында орналасқан Қазақ көшесі туралы ұмытпауымыз керек. Сталинград түбіндегі шайқаста 7 қазақстандық Чуйков қатарына қосылған дивизияның офицерлері мен солдаттары қатысты. Ұлы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ақын Жамбылдың баласы Амадай Жабаетов 7 гвардиялық дивизияның 19 гвардиялық кавалерістік полкінде пулеметтік санақты басқарып, Синельниково қаласының түбінде ерлікпен қаза тапты. Минометші Қарсыбай Спатаев пен лейтенант Абдибай Құрмантаев батыр қала қабырғасында ұмытылмас ерлік жасаған үшін Совет үкіметінің батыры атағы берілген.

1942 жылы 19 желтоқсанда Сталинградты қорғау кезінде қазақ баласы, Совет үкіметі батыры Нұркен Абдилов қаза тапты. Барлығы 36 қазақстандық Совет үкіметі батыры атағына ие болған. Біздің ауылымыздың ардагерлері де Сталинград шайқасына өз үлесін қосты.

Бекіш Қасен Ишимұлы сонау 1942 жылы Совет әскерінің қатарына шақырылған. Иркутск қаласында 6 ай оқығаннан кейін, Сталинградтың Бекетово қаласы маңында шайқасқа түсті. Сол жерде көрген нәрселер өмір бойы дене түршіктерліктей: «Өлік үстінде өлік, жарқыншақ үстінде жарқыншақ. Бір сенімсіз мықты күш өз жолындағы бәрін қиратқандай еді».

Фияткин Василий Федотович әскерге шақыру билетін 1942 жылы наурыз айында алды, 6 ай Астрахан қаласындағы әскери училищеде оқып, Сталинградқа жіберілген. «Қалаға дейінгі жол оңай емес еді, өз орнымызға жету үшін біз Волгадан тоқтамас артиллериялық атыс астында өтуіміз қажет еді. Бірақ біз оған қол жеткіздік. Бір апта қантөгіс шайқастан кейін, ротада 120 адамнан 9-ы қалған едік». Сталинград түбіндегі шайқастар үшін Василий Федотович Фияткинге Ұлы Отан соғысы ордені марапат етілді.

Мұқышев Молдаш 1941 жылы Царицыно қаласының 124 мерген полкіне шақырылған еді. Ауыл жігітінің басына көптеген қиыншылықтар туды. Сталинградты батыл қорғау үстінде жарақат алды. «Сталинград шайқасының масштабтарымен қорқынышы туралы ешкім ешқашан ұмыта алмас. Әр шабуылдан кейін, біз өз жолдастарымыздан айырлып, олар үшін одан сайын ашуланып, жауға қарсы шықтық. Жарақаты жазылған соң, қайта әскер қатарына тұрып шайқастық».

Бұл тек қана бір шамалы бөлік, бірнеше адамға ғана тиген Ұлы Отан соғысының қатері, бірақ осы қатерге қарсы тұра алып, мойымай, сынбай жеңіске жеткендер. Қазақ көшесі батыр қала Волгоград орталығында орналасып, біздің жерлесімізге арналып аталғанын мақтан тұтамын. Осындай мықты адамдардан әңгімелерін, болған оқиғаларын тыңдағаным – мен үшін үлкен мақтаныш. Өйткені бұл тарихты олар өз өмірімен, өз жарақаттарымен, төгілген қандарымен, өздерінің айырылған жастық шақтарымен, шайқаста мерт болған махаббатымен жасаған.

Елжанова Айгерім

### Маған қымбат ашық аспан

Соғыс... Әлемнің барлық тілдеріндегі ең үрейлі сөз. Ұлы Отан соғысы ХХ ғасырдағы ірі оқиға болып, тарихқа қасіретті беттер қосыты. Мен бақыттымын. Өйткені мен өз көзіммен соғысты көрген жоқпын. Осы сұм соғысқа біздің құрдастарымыз қатысқаны туралы ойлаудың өзі ауыр. Төрт жыл бойы адамдар қанды қырғынның, зұлымдықтың, қатігездіктің салтанат құруына куә болып, онымен күресіп, күл талқан етіп жеңді. Аязға, суыққа, аштыққа, жау оғына шыдап, ұйқы туралы ұмытты. Соғыста менің халқымның адам баласына тән ең жақсы қасиеттері: батылдық, ерлік, қайсарлық, кіндік қаны тамған жеріне деген сүйіспеншік сезімі бой көтерді. Қанша қиындық көрсе де сағы сынған жоқ. Соғыс адал, мейірімді адамды қатігез ете алмайды, олай болуы мүмкін емес. Жаратушы табиғаттың заңына ол қайшы келеді. Сол жылдар туралы естеліктерді майданнан келген бір жапырақ қағаз, жұпыны ғана ашық хаттар, ардагерлердің кеудесіндегі алқалар сақтап келеді. Соғыс ешқашан ұмытылмайды. Соғыстың түнегін, азабын көрген жауынгердің, баласынан, қосағынан айрылған ананың, талай адам көз алдында бақилық болып кеткен майдандағы дәрігердің түсіне енері анық.

Жаңғырып орны жараның,  
Жазылып әлі кеткен жоқ,  
Жоғалтқан ұлын ананың,  
Көз жасы әлі кепкен жоқ

Ұлы Отан соғысы алыста қалып бара жатыр. Дегенмен ұлын жоғалтқан халықтың жан жарасы қайдан жазылсын. Аналары мен жарлары өздерінің окоптарда қаза тапқан аяулыларын жоқтауға да уақыттары болған жоқ. Ашынған ана, жар, тіпті жас балаға дейін қолдарына қару алып, дұшпанға қарсы тұрды. Қан майдан адамдардың өмірін қыршынынан қиды. Жеңістің бағасы - мемлекет пен халықтың тарапынан жұмсалған материалдық, экономикалық, зияткерлік, рухани күш. Аранын ашқан соғыс орасан зор материалдық ресурстарды жалмады, табиғатты қан-жоса етті. Соғыс адамзатқа қарсы бағытталған зұлым күш еді. Көп сарбаз соғыстың кермек дәмін ғана татып, тарыдай оқтан ажал құшты, бірақ ерлікпен қаза тапқан жауынгерлер даңқы, олардың есімдері біздің жүректерімізде мәңгі сақталады.

Міне 71 жылдан бері Жеңістің таңы атып келеді. Осы күнге жеткізген ардагерлерге алғысым шексіз. Сіздер сыйлаған ашық аспан бізге бақытты балалық шақ, жалынды жастық, шексіз мүмкіндіктер беріп отыр. Мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бейбітшілікті сүйемін. Бұл ашық аспан, қайғысыз өмір бізге қымбатқа түсті. Оны көздің қарашығындай сақтап, қызғышша қору керек деп ойлаймын. Тәуелсіз еліміздің лайықты азаматтары болу бізге абырой, міндет, сын, майданнан оралмаған жауынгерлерге тағзым. Ардагерлеріміз біздің бейбіт күндегі жеңістемізге куә болып Жеңіс күнін қарсы алып жүргендерін қалаймын. Болмасын соғыс! Жасасын Жеңіс – мамыр – ай!

Есбатырова Гүлнара

## Соғыс және тағдыр

Ұмытуға хақымыз жоқ оларды,  
Олар біздің бақыт үшін қан төккен

Өмір деген қандай тәтті ұғым! Бар әлемнің әр пендесі, жануары мен жәндігі өмір үшін күреседі, әр күннің шуағына шомылып, әрбір сәтке шаттанады. Иә, біз бақытты жандармыз! Өйткені біз Тәуелсіз, егеменді, байтақ елде өмір сүріп жатырмыз. Бақытты елде мереке де көп. Әйтсе де, 9-мамыр-Жеңіс күні әр адам жанына жылулық, мейірімділік сыйлайтын күн болып саналады. Өйткені бұл күн бізге аталарымыздың сыйлаған бақытты күні іспеттес. Аталарымыз болмаса біздің еліміз, халқымыздың қанды қол фашисттердің зұлымдығынан құтыла алмас еді. Жалпы бұл уақытты бір ғұмырға теңеуге де болады. Алла оңдап, сұм соғыста біздің әскерлеріміз жеңіске жетті.

Содан бері, міне, біраз жыл өтті. Еліміз де еңсесін тіктеп басын көтерді. Бейбітшілік пен келісім заманында ғұмыр кешудеміз. Сондықтан бізге осындай бейбіт заманды сыйлаған, осындай керемет өміріміз үшін жандарын қиған ата-бабаларымызды естен бір сәт шығаруға, оларды елемеуге, рухтарына тағзым етпеуге біздің хақымыз жоқ. Қан майданнан аман келген батырларымыздың да жыл өткен сайын көзі азайып барады. Майдан қорқынышымен өмір үшін жан таласты олардан артық ешкім білмес. Қанша жерден жау мықты болса да, оларды алға қарай бір адым да бастырмай, қаза тапқан қайран бабаларым-ай... Майдан ауыртпалығын ер-азаматтарымыз көтерсе, ер-азаматтарымыздың қажеттілігін ауыл-аймақтағы көздері жәудіреп, келер күннен тек жақсылық пен қуаныш күткен қаракөз қыз-келіншектер көтерді.

Соғыстың зардабы әрбір шаңырақты шарпыды. Бір әулеттің барлық ер-азаматтары жау туын құлатуға аттанды ғой. Құрбан болып бүтіндей бір әулет жер жүзінен жойылды сол сәтте. Майданнан келген қара хаттары, оны оқып тұра көз жасы аққан жанарлары-осының бәрінің өтеуі жоқ қой.

Сұм соғыс болмағанда ғой, шіркін! Мына кең жерімізде көк аспан астында күн нұрының шапағатына бөленіп, бізбен бірге иық тіресіп, көк, туымызды желбіретіп жүретін бауырларымыздың саны көп болар ма еді?! Олардың арасында бәлкім елімізді әлемге паш ететін ғұлама ғалымдар, дарынды өнерлі, мықты жарқыраған жұлдыздар болар ма еді?! Дамыған елдердей шекарадан еркін өтіп, керемет саяхаттар жасап, ел жер көрер едік. Ауыр техника жасайтын зауыттардың орнына жеңіл жаңа машиналардың түр түрін жасап, ел қорғау техникасы мен әскери

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

дайындықтар да қажет болмай, оған бөлінген қаржы еліміздің басқа қажеттіліктеріне пайдасы тиер ме еді. Тарих беттері де жұқалау болар еді, өйткені тек бейбітшілікте өткен өмірді баяндары хақ. Сол күні мектеп бітірген жастар қуаныштан бастары айналып, бақытты өмір кешпес пе еді?! Бірақ ,айрандай ұйып тұрған бейбіт елдің өмірінің бір бөлшегін жауыз фашисттің жоспары төрт жыл,яғни 1418 күн мен түнін кесіп алды.

Соғыс жалмап аға-іні бауырды,  
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.  
Жалғзынан айырыпты ананы,  
Әкесінен айырыпты баланы

Менің атам-анамның әңгімесі бойынша, әкесінен қалған жалғыз тұяқ екен. Өкінішке орай мен атамды көрген жоқпын. Әскерге шақыру қағазы келгенде, 1925жылы туған ол 17 жаста еді. Әрине үй іші бұл хабарға қатты қынжылып қиналды. Әкесі жалғыз баласын соғыстан алып қалу амалдарын қарастырып еді,бірақ қазақты намыс өлтіреді демекші, әскер қатарынан қалуды өзіне ар санаған атам, қойған мақсатынан қайтпай,сол жерде үш айлық дайындық курсына жазылған еді.

Үш жыл үздіксіз соғыста жүрген атам бір күні қолынан қатты жарақат алып,госпитальда емделеді. Осыдан кейін оны он күнге үйіне жібереді. Осы сәтті пайдаланып,ата- ана,туған- туыс алдымызда әлі қандай жағдай болады?- деп,жалғыз ұлын үйлендіреді. Атамыздың сондағы ойы,жалғызымның артында ұрпақ қалсын дегені ғой. Он күннен соң жауынгер жас жұбайы мен ата -анасымен қоштасып, майданға аттанады.

Атам майданда жүрген күндері туралы әңгімелегенде Құдайбердиев деген өзбек досы болғанын айтатын. «Нағыз азамат еді,талай қиындықты бірге өткіздік. Оқ бораған талай шайқастардан кейін майдан даласында жайрап жатқан жауынгерлер ыңырсып «су-су» - деген кезде, сол Құдайбердиев екеуіміз қатар жүгіретінбіз.Себебі, «су» деген сөзді бізден басқа ешкім түсінбейді. Ауыздарына су тамызып,талай мұсылман бауырларымызды госпитальға жеткіздік».

Майданда жүріп бір аяғы көрде тұрған сарбаздардың ауылға туысқанға жазған хаттарынан:

«Ақ мама, бауырларым!

Есенсіздер ме, ауыл-аймақ , туысқандар тегіс амансыздар ма? Менің денім сау, кеше ғана қан төгіспен жүріп жауды ініне ығыстырдық. Енді біраздан кейін Днепр үшін шайқасқа шығамыз. Қасымда менің туған жерім Сарыағаштың азаматтары бар. Байтемір көкемді, бәріңізді таниды екен. Ержүрек жігіттер. Жауды аямай соғуда. Сіздер бентонитті көп өндіріңіздер ,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

біз сіздер үшін жаудан кек аламыз. Қасық қанымыз қалғанша соғысамыз. Көкем айтқандай, жауды жеңбей оралмаймыз.

Ақ мама, мені уайымдамаңыз. Отаным үшін, Елім үшін соғысамын. Өзіңіз айтқандай намысымды қолдан бермеспін. «Көппен көрген-ұлы той», халықпен бірге көрерміз.

Хош болыңдар! Есбатыр». 1943 жылдын қараша айы.

Ол кезде Сарыағаштағы еңбекке жарамды адамдар өздерін тыл жұмыстарында жақсы жағынан көрсетті.

Тарих кеші үнемі жаңарып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірегейі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілдік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр аға-әпкелеріміздің ерлігін ешкім де, ешқашан да ұмытпақ емес.

Әрине, соғыс болмасын! Біз сол соғысқа қатысып, батыр болмай-ақ қояйық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға талпынайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып өз Ұлтымыздың патриоттары болуға тырысайық.

Қазірде Қазақстан өркениеті дамыған елдердің қатарындағы зайырлы мемлекет. Біз дәл қазір ата-бабаларымыз арман еткен кезеңде өмір сүрудеміз! Тәуелсіздікке қол жеткізу өте қиын болды, енді оны ұстап тұру оданда қиын екенін ұғынатын сәт келді. Бабаларымыз қаны мен әжелеріміздің көз жасы тамған ұлан ғайыр атырап бізге аманат етіп қалдырылды.

Білекке сенген заманда,  
Ешкімге есе бермедік,  
Білімге сенген заманда,  
Қапыда қалып қоймайық!

Абылай хан

**Жеңіс Жанерке**

7 сынып оқушысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан  
Солтүстік Қазақстан облысы.  
Жетекшісі: Досмағамбетов Абусағит Ахметбекович

### **Бір үзік жас**

1945 жыл мамырдың 9-ы неміс фашист басқыншыларының тарихта Ұлы Отан соғыс деген атпен қалған соғыста қайта бас көтерместей болып жеңілген күні. Бұл жеңіс бұрынғы совет одағы халықтарының «Барлығы – майдан үшін, барлығы – жеңіс үшін!» деп жанқиярлықпен шайқасқан Ұлы ерлігінің арқасында жеткен жеңіс.

Бұл қырғын шайқасқа Шұқыркөл ауылынан 125 адам аттанған. Соның ішінде соғыс даласында 62 адам қалып, 63 елге аман оралды. Бүгінде елге оралған 63 адам да о дүниелік болған. Сол, сұм соғыс ауыртпалығын көрген жандардың бірі Екпін Әйіпұлы Кеншінбаев. Екпін Әйіпұлын әңгімеге тартпақ болып, үйіне бет алдым.

Сексенді алқымдаған, әлі де тың қартты үй ауласындағы орындық үстінде жолықтырдым. Қайратты жүзінде аздаған әжімнің ізі көрінгенмен, жүзі жылы, көзі өткір қария мені жайдарлы қарсы алды. Күрсініп алып, орнынан тұрды. Үйге беттедік. Үйге кіріп жайғасқаннан кейін, соғыс жайлы айтуды сұраған менің сұрағыма қарт ойланып барып, ойлы көзімен алысты шолып, соғыс салған жара есіне түсті ме екен бір күрсініп алып, әңгімесін бастады.

Соғыс басталған жылы мен небары 6 жастағы бала едім. Әкем Әйіптен Екпін, Жеткін деген екі ұл қалған. Інім қызылша ауруына шалдығып ерте қайтты. Әкем соғыстан оралмады. Мен ағайын-туыстың арқасында ер жеттім. Тағдырдың тәлкегімен шешем мені ағайынға тапсырып, өзі тұрмысқа шығып кетті. Менің өсіп ержетуіме ерекше үлес қосқан Ысқақ ағам. Әкемнің туған ағасы. Өкініштісі сол ағам да өмірден ерте озды.

Қария соғыс салған жараны былайша баяндады. Тағдыр біздің балалық шағымызды соғыс өртінің ауыртпалығына тап келтірді. Ауылда қалған қариялар мен аналарымыз, ес білген балалар шаруашылық жұмысына араласты. Таң сәріден тұрып, кеш жатып, дала қостарына түнеп өз еңбектерімен жеңіске үлестерін қосты.

Әкем соғысқа 1942 жылдың көктемінде аттаныпты. 1942 жылы күзде Смоленск бағытында болған арпалыс соғыс кезінде қаза тапқан. Тағдырдың жазуы болар, менің қайын атам Қапан менің әкеммен соғысқа бірге аттанып, бір бағытта соғысқа кірген. Біздің әскерлер уақытша шегінгенде, пулеметші әкемді жауды бөгеу үшін тосқауылға қойып кетіпті. Қайын атамның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

айтуынша екі күн өткен соң жауды қайта шегеріп тойтарыс бергенде, әкемнің жатқан орнында не пулемет, не өзі жоқ болған.

Міне, содан әкем хабар-ошарсыз өлділер қатарына енген. Қайын атам елге аман-есен оралып, 90-ы жылдарға дейін өмір сүрді. Менен көмегін аяған жоқ. Қызы Күлкән екеуіміздің аяқтан тұрып кетуімізге көп көмегін тигізді.

Сегіз жасымда өгіз айдадым. Егіс басынан қырманға астық тасыдық. Арба үстінде ұйықтап қалған сәттерім де болды. Бір ізбен жүріп үйренген өгіз, қырман басына келіп өзі тоқтайтын. Егіс басында кешкілік ауылда қалған қарттар, аналарымыз, біз секілді балалар жиналып, от жағып, бидай қуырып қариялар ас пісіріп, мәз болатынбыз. Әйелдер қосылып ән айтып, шер көңілді көтеретін. Сол кезде еңбек еткен қариялар мен аналардың, балалардың бірақ арманы болатын, жеңіс күнін көру.

Сол күнге де жеттік. 1945 жылы егін себу науқаны басталған шақ. Біз дала қосында едік. Қосқа ас ішуге кіргенбіз. Даладан бір қатты айқай естілді. Жүгіре шықтық. Соғыстан жараланып елге оралған ағаларымыздың бірі екен. Ат үстінде тұрып «Жеңіс! Жеңіс!» - деп айғайлап тұр. Бұл күн менің есімде мәңгі қалды. Қуанған кәрі-жаста ес қалмады. Ауылдан бір ешкі әкеп сойып, мәре-сәре болдық.

Соғыс бітісімен, соғыс солдаттары елге орала бастады. Біз, балалар соғыстан аман оралған ағаларымыздың жанынан шықпадық. Есімде қалғаны Қапар деген ағамыздың әңгімесі. «1943 жылы көктемде қолға түстік. Оқ-дәріміз таусылып еріксіз берілдік. Екі жылға тарта жау қолында шықпа, жаным шықпа деп өлместің күнін кештік. 1945 жылы наурыз айында бізді лагерьден айдап шықты. Ұзын қарасы екі мыңға тарта адамбыз. Әр ұлттың өкілдері. Менің жанымда екі қазақ жігіті болды. Бірі Ақтөбелік, екіншісін ұмыттым. Арамызда сөз шықты. Бізді атуға апара жатыр деген. Тағы да бірде алдымызда қалың орман бар соған кірген кезде қашамыз деген сөз тарады. Бір-бірімізбен ақырын сөйлесіп келісім жасадық. Орманға кірісімен жан-жаққа бытырай қашуға. Әлден уақыттан соң айғай шу басталды. Жанымдағы екі жігітпен мен де орманға кірдім. Бұл оқиғаны айтып жеткізу қиын дейтін ағамыз. Иттердің арсылы, пулемет, автоматтың тарсылынан құлақ тұнады. Қанша жүргеніміз белгісіз, демалуға тоқтадық. Артымыздан анда-санда автоматтың үні естіліп тұрды. Қас қарайған шақ, тағы біраз жүріп, түнеуге жайғастық. Әбден қажып, титықтаған біз ұйықтап кетіппіз. Автоматтың даусы жақыннан естілді. Орнымыздан тұрып тың- тыңдап едік. Немістердің даусы естіле бастады. Бұқпантайлап алға қарай жылжыдық. Бізді байқап қалды ма екен, оқ біздің жаққа қарай борай бастады. Артымда келе жатқан бір жігіттің «алла» деген даусы құлағыма естілді. Қарасам, құлап барады екен. Біз екеуіміз тоқтамай алға жылжып келіп, бір ағаштың түбіне тыныстадық. Автоматтың даусы тағы естілді. Артымызға қарай лап отырғанымыз сол еді. Қасымдағы жігіттің басынан қанғыған оқ болар дәл

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

тиді. Сөйтіп, мен екі жолдасымнан да айырылдым. Екі күн орман арасында жалғыз жүріп, тірі қалған өзім секілділердің төртеуін жолықтырдым. Кейін өзіміздің әскерге кездесіп, елге аман оралдым. «40 жыл қырғын болса да, ажалсыз өлмейді» деген осы болар деуші еді ағамыз.

Аздаған үнсіздіктен кейін, қарт әңгімесін қайта жалғастырды. Жастай жұмысқа араласып, бұғанамыз еңбекпен қатайды. Соғыс бітісімен жазғы демалыс уақытында колхоз жұмысына араластық. 1956 жыл мектеп бітірген соң ауылда колхоздың малын бақтым. Мектепті біз кеш бітірдік. 1957 жылы Петропавл қаласына ет комбинатына қойды жаяу айдадық. Сол жылы еңбек озаты атанып, Москваға бүкіл одақтың ауыл шаруашылығы көрмесіне барып қайттым. Әскер қатарына алынып, үш жыл әскери міндетімізді абыроймен атқардым. Жас кезімнен сурет салуға бейім едім. Әскерде полк суретшісі болдым. Елге оралған соң алғашқыда мектепте сурет сабағынан кейіннен әскери дайындық пәнінен сабақ бердім. Қырық жыл абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлікке шықтым.

Тағдыр маған өмірдің ауыртпалығын көп салды. Соғыс салған жарадан жазылдым ба? - деген шақта, жасы қырыққа толмай жан- жарым өмірден озды. Үлкен ұлым Қанат та қайтпас сапарға ерте аттанды.

Алты баланы өсіріп жеткіздім. Қазір құдайға шүкір немере, шөбере сүйіп отырмын.

Қабырғаға көзін қадаған қария кестелі орамалға бекітілген, ағашпен көмкеріліп, әйнекпен беттелген, ақ құба жүзді, келбетті отыздар шамасындағы азаматтың бейнесін көрсетіп, бұл менің әкем. Кестелі орамал анамның көзі. Сурет әкемнен қалған жалғыз естелік деді.

Төмен қарап үнсіз қалған қарттың жанарына көзім түскенде, үзіліп түскен бір үзік жасты байқадым. Әке мен анаға деген сағыныштан үзіліп түскен жас болар- ау деп ұқтым.

Өткен өмір жолдарынан естелік айтып, маған ақ батасын берген қариямен қоштасып шығып кеттім. Мектепке қарай келе жатып «Тірі шежірелер» аман болыңдар деп іштей қайталай бердім.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Кайрушева Динара**

9-сынып оқушысы, Солтүстік Қазақстан облысы  
Пәні мұғалімі Кажикенова С.А.

«Қасиет - күші ұлы Отанның, Қасиетін бер қыран құстың! Ашуын бер арыстанның, Жүрегін бер жолбарыстың!»-деп ақын да батыр Қасым жырлағандай, қаншама жауынгерлер Ұлы Отан соғысы тұсында бар ашу-ызаларымен елін, Отанын неміс фашистерінен құтқаруда еш аянбады. Соғыс – бұл миллиондаған адамдардың өмірін қиған кесапат, адамзат үшін ең сұрапыл қырғын. Ол бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген керемет ерліктерге де, адамның жанын ауыртар қатыгез қасіретке де толы болды. 1941-1945 жылдар аралығында болған Ұлы Отан соғысы халықтың алып тұлғасын танытқан үлкен сын еді. Осы соғыс қаншама қазақстандықтардың бастарын ажалға тіккен, отбасыларын күйреткен, ата-анасын зар илеткен, жесірін жылатқан, жетімін тентіреткен жайтты алдымызға жайып салды. Міне, осындай соғыс зардабын менің әулетім де бастан кешірген екен.

1941 жылы соғыс басталған кезде менің ұлы атам Есенғали Жақыпов Таманбай елінде колхозшы болып еңбек етіпті. Өмірге келген алты баласының төртеуі, жан жары ауыр науқастан көз жұмғаннан кейін екі баласы, яғни менің атам Қайрош пен ағасы Қалымбекті туған ауылы Егіндіағашқа алып келіп, өзінен бірнеше жас үлкен Батиқа апамызды әйелдікке алыпты. Ондағы ойы – жас балаларыма пана болып, осы шаңырағымның түтінін түтетіп отырар деген ой болса керек. Шынында да атамыз Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қыркүйегі алынып, майданға аттанып кетеді. Бірі – 9, бірі- 13 жастағы екі балапанын Батиқа апамызға аманат етіп тапсырады. Батиқа апамыз Есенғали атамыздың осы аманатын орындап, екі атамды да адал, қайырымды азаматтар етіп өсірген екен. Ал балаларының есейген, ержеткен сәттерін көруді атамыз Есенғалидың маңдайына жазбапты. Соғысқа Сталинград майданында кірген ұлы атам барлаушы болыпты. Оны елге, балаларына жазған хаттары дәлелдейді. «Күндіз ұйықтап демаламыз, түнде «тіл» әкелуге барамыз» деген ғой. Осындағы «тіл» дегені немістер қоныстанған деревняларды түнде бақылап, шамалары келсе жауларын, жазбаларын қолға түсіріп өз командирлеріне жеткізу болған екен. Атам қан майданда жүріп, Отан үшін, Жеңіс үшін біршама істер тындырғаны бүгінгі күні біздерге, ұрпағына белгілі. Отан алдында да осы еңбектері еленіп, наградаларға ұсынылған. Әйтсе де еліне деген, екі балапанына даған сағыныш оты кезекті бір барлау барысында маздап жана алмай, атамыздың ауыр жарақат алып, сол жарақаттан тіл тартпай қаза болуына ұласқан-ды.

Осылай 1943 жылы елде қалған апамыз бен екі бауыр қара қағаз құшып қалған екен. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлер туралы ескерткіш кітапта – «Боздақтар» жинағында менің ұлы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

атам жайында «1941 жылы Айыртауда алынып, 1943 жылы шілдеде майданда қаза тапқан» деп жазылған. Атам Қойрош әкесі Есенғали атам туралы естелік айтқанды ұнатушы еді. «Көзі ашық, екі иығына екі адам мінгендей жалпақ жауырынды, ұзын адам болатын» деп суреттеген сәттерде менің көз алдыма батырлар жырындағы Алпамыс, Қобыланды бейнелері елестейтін. Қазір ойлап отырсам, атамның әкесіне деген сағынышы осындай елес-естеліктер арқылы ғана бойымызға тараған екен. Қаршадайынан анасынан айрылу, одан қала берді әке құшағына, ақыл-өсиетіне тояттанбау деген қандай қиын жайт. Міне, сұм соғыстың қасіретін менің ата-бабаларым осылай шеккен екен. Өзінің бауыр еті-балаларын қалдырып, Отан үшін деп қан майданға аттанып, елі үшін жанын қиған ұлы атамның ерлігі, расында да, Ұлы Ерлік деп айтуға тұрарлық. Әр жауынгердің атойлап жауға қарсы қайыспай жасаған өрлігі, батырлығы Ұлы Жеңісті жақындатқан ғой. Төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысында неміс фашистерді жеңіп, 9 мамырда Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев, Алматыда жасақталған генерал Панфиловтың 316 атқыштар дивизиясындағы жауынгерлер сияқты менің ұлы атам Есенғали Жақыповтың да Отан үшін деп атой салғаны, алғы шепте болғаны, Сталинград түбінде болған қиянкескі ұрыста өз ерлігін көрсеткеніне мен, шөбересі бүгінгі күні ерекше жүрегімді қуаныш кернеп мақтан етемін. Мақтаныш-лебізімді өлең жолдарымен өремін.

Жеңіс оңай келген жоқ,-  
Ол үшін қанша жауынгер  
Төсін оққа төседі.  
Солардың бірі – ұлы атам,  
Өз үлесін қосқан Ер.  
Осы аталар ерлігін  
Өлең қып мен де жырлаймын.  
«Отан» деген ұлы сөз,  
Оларға болды ұрандай.  
Әрқайсысы атойлап,  
Жауға атылды қырандай.  
Сол себепті бүгінде  
Баршамыз бейбіт-тірлікті  
Кешудеміз аянбай.  
Аталар жасаған Ұлы Ерлік –  
Мәңгілік Елге бол - тірек  
Жаса Жеңіс елімде,  
Бейбітшілік болсын төрімде!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Кубеева Ақбота**

9 сынып, Горьковский орта мектебі  
Жетекшісі: Исина Бибигуль Толеубаевна

Соғыс-адам өміріндегі ең ауыр қасірет. Соғыс-барлық халықтар үшін күтпеген апат. Соғыс айтып келмейді және одан ешкім қорғанбаған. Мейлі ақ бол, қара бол, ол ешкімді таңдамайды, өйткені оның алдында бәрі бірдей. Соғыс қайғы, өлім әкеледі. Қанша адамдардың өмірінің астан-кестенін шығарды. Қанша жамандық, тауқымет, қанша қайғы, қанша өлім, қанша қираған тағдыр соңынан қалдырды... Қанша кінәсіз адамдардың өмірін қиып, қанша адамдарды туғандарынан айырды. Соғыс жылдары-ең қиын жылдар. Соғыс жылдары халық көп зардап шекті, аштық, ұйқысыздық, үмітсіздік, шаршағандық, жақын адамдарынан айырылу – осының бәрі халық үшін ауыр соққы болды, бірақ халық барлығына да төзді.

Осыдан 75 жыл бұрын азапқа толы қанды кезең болды. Ол кезең-Ұлы Отан Соғысы. Ұлы Отан Соғысы Жер шарының тең жартысының күл-талқанын шығарды. 1941 жылдың жазында соғыс бейбіт өмір сүріп жатқан халықтың өміріне құйын тәрізді еніп, мыңдаған жас жігіттер мен қыздардың армандарын бұзып, үлкендердің жыл бойы қорғап келген тұрақты, бақытты өмірлерін қиратып, мәңгілікке адамзаттың есінде қалды.

Соғыстың ауыр кездері бірде-бір отбасын айналып өткен жоқ, бірде-бір адам селқос қалған жоқ. Қолына қару ұстай алатын әрбір азамат майданға аттанып жатты. Біреудің ағасы, біреудің інісі, біреудің жары, біреудің әкесі осындай ауыр кезеңде Отанын қорғау үшін, титтей болса да, пайдасын тигізуге тырысты. Халықтың мықты рухы осы соғыста шешуші рөл атқарып, жеңіске жеткізді. Соғыстың алғашқы жылдары болған сұмдық, халықтың рухын дамытып жаңғыртты. Үлкен де, кіші де ешбір шаршаусыз қиын жағдайда аянбай еңбек етіп, «Бәрі майданға, бәрі жеңіс үшін!» үшін деп ұрандатты. Қас жауды жеңу үшін ешкім ештеңе аямады. Әрбір ер бала, бозбала майданға барып, қолына қару ұстап жаумен күресуді армандады. Жеңіске жету үшін, әр адам өз үлесін қосты. Жеңіс-қанша адамның өмірі, қанша ананың көз жасы, қанша адамның арманы...

Мен және құрбы-құрдастарым Ұлы Отан Соғысы туралы кітаптардан, кинофильмдерден білеміз. Жыл сайын 9 мамыр күні бүкіл әлем Жеңіс күнін тойлап, осы күнге жеткен ардагерлерді, жетпеген ардагерлерді еске алады. Біздің ауылда Тәуелсіздік алаңында соғыс ардагерлеріне және тыл ардагерлеріне арналған ескерткіш тұр. Жуырда «Звезда» телеканалында «Қасым» атты кинофильм қарадым, Бауыржан Момышұлының «Битва за Москву!» атты кітабын оқып шықтым.

Өз шығармамда нағашы атам – Ермағамбет Мажитұлы туралы айтқым келеді. Мен нағашы атамды көрген жоқпын, ол кісі жайлы анам сөзінен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

білемін. Анам үнемі 9 Мамыр күні атамды еске алып, оның рухына дұға бағыштайды. Менің атам 1920 жылы қараша айында Омбы облысының Щербакуль ауданында дүниеге келген. 1941 жылы майданға аттанғанда, ол бар болғаны 21 жаста еді. Майданға аттанғанда атам жас болған, сондықтан майдан оған қызық көрінген, бірақ кейін өмір мен өлім қатар жүретініне көзі жеткен. Атамның жаумен алғашқы кездесуі- солдаттарды майданға апара жатқан эшелонға немістердің әуеден шабуыл жасауы еді. Эшелонға жау ұшқыштары шабуылдады, атам жолдастарымен айқасқа жігерлі кірісіп кетті. Анамның айтуы бойынша, осы сәт атамның есінде мәңгі қалған екен, өйткені атам үшін Ұлы Отан соғысы осы жерде басталған... Атам әскери дивизия қатарында 1942 -1943 жылдары Сталинград қаласын жаудан босатып, Берлинге дейін жетті. Сталинград қаласы қоршауда қалып, ең қиын кездерді бастан кешкен, бірақ қоршаудан да шығу жолы табылған. Әр солдаттың алдарында бір ғана мақсат тұрған-жауға берілмей, соңына дейін жетіп, фашистерден Отанын қорғап қалу. Сталинградта соғысқан үшін атам «За Сталинград!» орденімен марапатталған. Менің нағашы атам нағыз жауынгер және жігерлі, батыл адам болған. Атам Берлинге жетіп, Берлин үшін ауыр шайқаста жарақаттанып, екі көзінен айырылған. Атамда «За взятие Берлина!» , «За Победу над Германией» деген медалдары және «Орден Великой Отечественной войны второй степени» ордені бар. Атамда медальдары көп болған, бірақ көбін майданда жоғалтқан. Атам тірі болса, өзім бәрін сұрап білер едім, амал қанша, атам жайлы тек анамның сөзінен білемін. Міне, менің нағашы атамның тарихы осындай. Ол соғыс туралы біреудің сөзінен білген жоқ, ол өзі қолына қару алып жаумен күресті. Жылдар өтіп жатыр, атам дүниеде жоқ, бірақ туған туыстарының жүректерінің ең түпкірінде атам туралы естелік мәңгі қалды деп ойлаймын.

Меніңше, сұрапыл соғыста болған әр адам –Батыр деген атаққа лайық. Жеңіс үшін жандарын қиған әр совет солдатына мен алғыс айтар едім. Әрі олардың ерліктерін ешқашан ұмытпауға тырысамын.

Біз, жаңа заман балалары, аталарымыз аманаттап кеткен бейбітшілікті өз болашағымыз үшін, өзіміздің балаларымыз үшін сақтап қорғауымыз керек. Жер шарының түпкір-түпкіріндегі адамдар бір-біріне мейірімді болса, бейбітшілікті қастерлеп аяласа, ешқашан соғыс болмас еді. Ол- менің және әр адамның тілегі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында «... Біздің тірегіміз-тәуелсіздік, тілегіміз-тұрақтылық, білегіміз-бірлік!»- деген. Елбасымыздың нұсқаған Тәуелсіздік, Тұрақтылық, Бірлікті сақтайық.

Кусаинов Есбол

I курс студенті Петропавл қаласы, Уәлиханов ауданы  
Жетекшісі: Қойшибаева Қарлыға Жұмаханқызы

Жеңісім – салтанат, сән, сәулет,  
Жеңісім – береке, бақ, дәулет!

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл - 71 жыл! Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – біз үшін де ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар - біздің мақтанышымыз! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған.

Қазақсан Ұлы Отан соғысына біртұтас елдің құрамдас елдің құрамдас бөлігі ретінде кірісті. 1941 жылы қазақ жерінде жеті атқыштар дивизиясы, үш атты әскер дивизиясы, үш атқыштар бригадасы құрылды. Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының (командирі генерал – майор И.В.Панфилов) бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Осы жылдың 18-21 қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында ботальион командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді. 1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес одағының Батыр атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді. Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық туралы айту парыз.

Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес – ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Әрқашанда елімізде тыныштық, ынтымақ достығымыз жоғары артып, әлемде әрқашан бейбітшілдік болсын.

**Қойбағарова Ақтолқын**

Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?

Биыл — Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 71жыл толмақ. 1941жыл 22 маусым — барлық посткеңестің елдердің тарихындағы ең қайғылы датаның бірі.

1941жылдың дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап, жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110400 жылқы, 16200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941—1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам — Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар — Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы — мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі — қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі — Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны мен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Темір жол құрылысы жалғасты. 1942—1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола –Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы(ВЛКСМ-БЛКЖО) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942—1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып аты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1710 қала және 70 мыңнан астам селолар, деревнялар, 31850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойылып жіберілген, тоналған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Соңғы жылдары ҰОС ардагерлеріне деген құрмет пен сый-сияпат артып келеді. Дегенмен де, олардың ешқайсы да жүректегі жараны жаза алар ма?... Бір әттеген-айы, сол сыйлар мен құрметтер (пәтер, көлік және т.б.) ардагерлеріміздің «қауқары» бар кездерінде берілгенде ғой, шіркін... «Ештен-кеш жақсы»-демекші, қандай құрмет болса да орынды-ақ! Қарттарым аман-сау болғай!...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Құсаинов Әділхан**

10 сынып, Полтавка орта мектебі  
Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы  
Жетекші: Өкенова Гүлбән Зейнелқызы

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде - бір үлкен шайқас болмады Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Неменеңе жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр Бірі мініп келместің кемесіне, Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, - деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні.

Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Мәскеу, сенің іргенді ел, ер болып сақтаймыз, сенен аяр жан да жоқ. Барлығы да сен үшін, саған қауіп төнгенде, жау таянып келгенде, қамсыз тыныш жатпаймыз. Алпыс ұлттың адамы, қол ұстасып үн қосып, қорғауға сені дайынбыз, - деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамыздың өзі сүйген халқы үшін ерлігі ерекше үлгі болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат береді. Осындай аталарымыздың ерлігін үлгі етіп, біз ,болашақ ұрпақ өз жадымызда сақтай отырып, еліміздің өсіп – өркендеуіне бар күшімізді, білімімізді, үлесімізді қосамыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Нұрманғали Гүлнұр**

6 - сынып, Меңгесер орта мектебі,  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Жетекші: Есенбаева Самал Боташқызы

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді **соғыстың** алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9- мамыры күні дәл осы шаттық хабарды ес тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары бес жыл бойы күндей күркіреген соғыста- 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси- кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын тігіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. **Ұлы Жеңіс** он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Ер есімі – ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

кастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады.

Менің атам **Қожахметов Нұрманғали Қожахметұлы** 1916 жылы 14 наурызда Солтүстік Қазақстан Облысы, сол кездегі Преснов ауданы, қазіргі Мамлют ауданы Ленин ауылында дүниеге келген. Отбасындағы жалғыз бала. Мектепте 7 сыныпқа дейін оқыған. Соғысқа дейін әр түрлі жұмыста істеген. 1941 жылы 4 қаңтарда отбасын құрған. Сол сұрапыл, сұм соғысқа менің атам 1941 жылы 22 маусымда Преснов әскери комиссиариат арқылы әскерге аттанды. Ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін, Кеңес Одағының Бас қолбасшысы маршал жолдас Сталин Нұрманғали атайға көптеген алғыс хаттармен алғысын білдірген. Нұрманғали атай Германияға дейін жеткен. Будапештта, Венада, Германияда тағыда басқа, қалаларда ұрыстарға қатысқан үшін ордендермен марапатталған. Соғыстан 1946 жылы 20 маусымда оралып, үй іші қуанышқа кенеліпті. Соғыстан кейін Ленин совхозында мал шаруашылығында еңбек етіп, жұмыс істепті. 1955 жылы 6 наурызда депутат болып сайланған. 1970 жылы КСРО Жоғары Кеңесінің Төралқасының жарлығы бойынша ұрыстардағы ерлігі мен қаһармандығы үшін медальмен марапатталған. “Тың жерді игерген” үшін 13 желтоқсан 1957 ж медаль берілген.

Бұл жеңістің басты себебі , әрине халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі , қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден , ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып, Отанын қорғады. «Ел үмітін ел ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағызым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алуын сөндірмей, Отан үшін от кешкендері әрқашанда жүрек түкпірімізде ұстаймыз.

**Оразбай Али**

9-сынып оқушысы, Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан  
Жетекшісі: Жолдаспаева Гульмира Мухтаровна

Соғыс...

Бұл сөзде қаншама қатігездік пен қорқыныш бар десеңші! Осы сөзді естігінде бүкіл жан дүниені дүрлігіп кететін тәрізді. Неге десеңіз, қаншама жан қырылып, қан судай аққан кезең бұл. Қанша бала жетім, қанша ана жесір қалды десеңізші! Бұлқан төгіс төрт жылға созылды. Осы жалмауыз соғыстан өз отбасыларымен қауышып оралғандар да бар, өз жанын Отан үшін қиып қан майданда, жат жерде қалғандар да бар. Бұл соғысқа көптеген қазақстандықтар да қатысты. Солардың ішінде менің ұлы атам да, атамның әкесі, болды. Есімі - Үзікбайұлы Оразбай. Ол кісі 1898 жылы дүниеге келген. Ол кісі жалындаған жастық шағында елмен бірге Отаның қорғауға 1941 жылы қан майданға аттанады. Артында адал жары, балалары қалады. Ұлы атам Днепр, Кавказ үшін шайқастарда ерлік көрсеткен. Будапешт, Варшава қалаларын жау қолынан азат етуге қатысқан. Өзінің ерлігі үшін ордендармен марапатталды. Жеңіс күнін ұлы атам Кенисбург қаласында қарсы алды.

Соғыс жылдары әйелдер мен балаларға да оңай тиген жоқ. Ер адам атқаратын жұмысты яғни, жер жырту, мал бағу, егін егу сияқты ауыр жұмыс нәзік жандардың мойнында болды. Шииіттей балаларын арқаларына байлап, еңбек ететін жаппай әйелдер. Күндіз жер жырттып, ауыл қамы қамтылса, түнде әйелдер жиналып майданға жіберу үшін қой жүнінен жылы шұлық тоқитын. Шаршау дегенді білмейтінбіз дейтін әжем. Күлкісіз, уайымға толы қараңғы ауылда қалған біз үшін, суық жерді окопта құшақтап жатқан жауынгер үшін бір нәрсе ғана керек еді... Ол – Жеңіс. Жеңіс - қуаныш, ер - азаматтардың аман-есен соғыстан оралуы.

Менің атамның осы күнде еске алып отыратын бір оқиғасы бар. 1946 жылдың көктем айы еді. Соғыс аяқталғанына бір жыл. Ауыл аздап болсын есін жиған кез. Күннің жадырап шығуы жақсы жаңалық келетінін сездіреді. Ауыл адамдары күнделікті тірліктерін атқарып жүр. Ауылдан кеткен ер азаматтардың көбі соғыстан оралған жоқ. Атамның әкесінен де еш хабар болған жоқ. Бірақ әжем қуанышты хабарды күнде күтіп жүретін, үмітін ешқашан үзген емес. Сол үміттің нышаны шығар, көктемнің жадыраған күні ауылға сүйіншілеп хабар да жетті. Сүйіншіні жеткізген жас бала: «Жаңылдық апа, Жаңылдық апа, сүйінші! Сүйінші! Ағамыз келе жатыр!»- деп бар ауылға жар салды. Әжем сол кезде егістік басында қара өгізді суарып жатқан. Тұрған жерінде сылп етіп құлады. Суық су үсті басына төгіліп жатыр. Егістіктегі әйелдер әжемді қолтықтап тұрғызды да, үйіне әкелді. Әжемнің жүрегінің дүрсілін бар ауыл естігендей еді. Ал әжем өзінің не айтып, не істеп қойғанын мүлдем білмейді. Әйелдер самауырды тұтатып дайындалып жатыр. Бір кезде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

үлкен машинаның дауысы естілді. Үйдің қасына тоқтады, есік тарс етіп жабылды, үйге бір ер адам кірді. Ол – ұлы атам. Осы кезде әжемнің, ауыл адамдарының, күйеулері майданнан қайтып келмеген жандардың сезімін сөзбен жеткізу мүмкін емес қой, шіркін! Әрине, бұл қуаныш пен үміт...

Бірақ бұл қуаныш көпке созылған жоқ. Атамыз біраз уақыттан кейін колхоз жұмысына араласып кетті. Адал еңбегінің арқасында оны колхоз төрағасы етіп тағайындалды. Бұл жұмысты да ол жақсы атқарды. Бірақ денсаулығы сыр бере бастады. Жүрісі ауырлай түсті. Ол кезде жеке басын ойлауға не уақыт, не мүмкіндік болған жоқ. Атамның ауыруының себебі расында да, аяғы болыпты. аяғында қалған снарядтың жарқыншағы жанына қатты бата бастады. Соғыста алған жарақаты салдарынан 1952 жылдың қыс мезгілінде атам о дүниеге аттаныпты. Әжем байғұс балаларын құшақтап жалғыз қалады.

Ұлы атам қайтқанда балаларының ең кішісі он айда ғана болған екен, ол - менің атам. Әжем барлығын өзі көтерген. Аштықты да, суықты да бастарынан өткізген. Бұның барлығы нәзік жанды әжемді өжет, қайсар, қатал болуына себеп болған. Бірақ әжем ешқашан мойымаған екен.

Атам мен әжем қандай қиыншылық көріп, өмір тауқыметін көрсе де, балаларына татулық, достық, бауырмалдық, кішіпейілдік секілді адами қасиеттерді насихаттап өсірді.

Әжем балаларының барлығын ер жеткізіп, үйлендіріп, атам аманатын орындады. Әжем 101-ге келіп қайтты. Немере, шөбере, немене көрді. Тәуелсіздігіміздің көк туының желбірегенін, Президентімізді, Астанамызды көрді. Бұл сұм соғыс болмағанда, осы қуаныштың барлығын атам екеуі көрмес пе еді?

Соғыс... Қаншама азап, қайғы, қасірет.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Рахметова Жанна**

10 сынып, Солтүстік Қазақстан облысы  
Жамбыл ауданы Благовещенка селосы  
Жетекшісі: Рамазанова Гүлшат Мүсілімқызы

Мен ХХІ ғасырдың ұрпағымын. Мен бейбіт, тәуелсіз елдің ертеңін жалғастырушы болашағымын. Осындай елде жас ұрпақ алаңсыз еш қайғысыз, азат өмір сүру үшін ата-бабамның жасаған ерлігін ұмытпаймын. Үстіміздегі жылы адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жыл толады. Бірақ, Ұлы Жеңістің ұмытылмайтындығы сияқты, соғыс та біздің санамызда ұмытылмас із қалдырды. Адамзат тарихындағы осы бір жойқын соғыста миллиондаған адамдар мерт болды, қаншамасы мүгедек болып қалды, миллиондаған адамдар хабар-ошарсыз кетті, тылда да халқымыз қанша қиындық көрді...

2015 жылдың 9-мамырында селомыздағы жауынгер ескерткішінің жанындағы салтанатты жиында алғаш рет ешқандай соғыс ардагері болмады. Ең соңғы ардагер бұл жиынға келе алмады, себебі денсаулығы жоқ екен. Мен өзімнің ұстазым Гүлшат Мүсілімқызы Рамазанованың өз шығармашылығынан оқыған «Соғыстың соңғы солдаты» өлеңін тебірене тыңдадым. Ұстазымның толқыған жан дүниесі, өзегін өртеген өкініші менің де жүрегімді дірілдетіп, терең ойға шомдым. «Ол кім екен? Қандай адам? Соғыста қандай жерде соғысқан?»- деген сұрақтар көңілімнен шықпады. Ақыры мен ол кісімен таныстым. Ол жайында негізгі бөлімде әңгімелемекпін.2. Негізгі бөлім: а) Ұлы Отан соғысы парақтарынан.

КСРО жеріне басып кірместен бұрын 12 мемлекет басып алған және 14 одақтасы болған жау Баренц теңізінен Қара теңізге дейінгі аралықта зор майдан шебінде соғыс ашты. Гитлер «тұтқиыл» шабуылмен Кеңес елін талқандап, әлемдегі алғашқы социалистік мемлекетті құртып, кеңес адамдарын құлға айналдыруды, Кеңес елін өз отарына айналдыруды көздеді. Бірақ, кеңес халқы тұтқиылдан шабуыл жасаған жауға қарсы тұра алды.

Майданға кеткен мыңдаған ерлердің орнына барлық жұмысты ұйқысыз, ас-сусыз еңбек еткен әйелдер мен балалар атқарды. Соғысқа дейін бір сағатта істеген істерін соғыс уақытында бір минутта істеуге тырысты. Өмірдің ауыртпашылығына, қатал тәртіпке шыдамдылық танытты.

Жау жағадан алған шақта елді қорғау өмірлік парызы деп білген, елін нағыз ерлерше қорғап, соғыстың лапылдап жатқан отының ішінде қаза тапқан ержүрек жауынгер Баубек Бұлқышев Отанды қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. Небәрі 28 жастағы жауынгер «өмір сүргім келеді» деп шырылдағанда көзге еріксіз жас үйіріледі. Қанша боздақтарымыз жастайынан ажал құшты. Осының бәрі сұм соғыстың кесапаты.

«Біз – кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» - деп еліне деген шексіз махаббатын, еліне деген құрметін майдан алаңында дәлелдеген, барлық қазақстандықтар мақтанышпен еске алатын қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының ел үшін еткен еңбегі зор.

Қолдан келместей көрінгенімен ерлеріміз майданда болғанда кез келген батырды қайыстыратын жүк көтерген нәзік жанды әйелдер болатын. Олар өздеріне жеңілдік талап етпестен жауынгерлермен бір сапта тұрды. Осындай ержүрек қыздардың арқасында жауынгерлеріміз рухтанып, күш-қуат алды. Осындай рухты қыздарымыз Әлия мен Мәншүк есімі осы күнде ерліктің нышаны. Қос аруымызды ерліктің қос қанаты деп біліп, әнге қосамыз.

Благовещенка селосындағы соғыстың ең соңғы солдаты

Кіріспе бөлімде атап өткендей мені осы шығарманы жазуға қанаттандырған ауылымызда қалған соңғы ардагері Николай Дмитриевич Пономаренко болатын. Денсаулығы төмендеген, төсекте жатуы көп Николай атамен көп сөйлесе алмадым. Дегенмен шамасы келгенше өткен өмірінен біраз сыр шерткендей болды.

Николай Дмитриевич 1920 жылы желтоқсан айының 14-і күні Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы (қазіргі Жамбыл ауданы) Благовещенка селосында дүниеге келген. Балалық шағындағы қызғылықты оқиғаларды айтқан кезде көзінде нұр ойнап, қуанса, жоқшылық көрген қиындық кезді айтқанда тұнжырап қалып отырды.

Соғыс басталған кезде Николай Дмитриевич Белоруссияда әскери міндетін атқарып жүрген еді. Николай ата көптеген елдерді фашистерден босатуға ат салысқан: Польшаны, Чехословакияны, Венгрияны, Югославияны. Кейін Берлинге де жеткен. Соғыстан аман қалып, 1946 жылдың мамырында 26 жасында ауылға оралады. Николай ата соғыста жасаған ерліктері үшін көптеген медальдармен марапатталған. Атап өтсем: «1941 – 1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңу» медалі; «1941 – 1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 40 жыл» медалі; «Қарулы күштерге 60 жыл» медалі; «Еңбек ардагері» медалі; « II дәрежелі Отан соғысы» ордені « 1941 – 1945 ж.ж. соғыс ардагері» белгісі; Кеңес Үкіметінің маршалы Жуков Г.К. медалі; 2014 жылы Белоруссияның « Белоруссияның неміс-фашист жаулап алушыларынан босауының жетпіс жылдығына» атты медалімен марапатталды.

Соғыстан қайтып келген соң «Благовещенский» кеңшарында мал шаруашылығының есепшісі болып, жұмыс жасының соңғы он жылында бас бухгалтер болып қызмет істеген. Соғыстан кейін бейбіт өмірге құлшына кірісіп еңбегін жалғастырған ардагер жұмыс орнында еңбексүйгіштігімен, мейірімділігімен ерекше көзге түскен. Облысымыз бойынша соғыс жылдары әскер қатарына 74207 адам шақырылған болатын. Соның 7638-і біздің ауданымыздың тұрғындары. 32 мың жауынгер орден, медальдармен наградталған. Екі жылда облыс тұрғындарынан қорғаныс қорына 29 миллион

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

574 мың жинаған. Баян ауылының тұрғыны қорға 60 мың теңге қосқан. Облыс зауыттарында гранат, бомба, «Катюша» үшін снарядқа дейін шығарылған. 31 азамат Кеңес Одағы Батыры, 6 адам Даңқ орденінің үш дәрежесімен марапатталған.

Соғыс- уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап. Қазіргі таңда жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаяда. Олардың тірі қалғандары, Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері, өкінішке орай, саусақпен санарлықтай... Ел қорғауға ат салысқан ардагерлерді қанша марапатпен марапаттаса да артық емес. Ардагерлеріміз қасық қаны қалғанша соғысып, елін қорғады. Оның бәрі Отан үшін, біз үшін. Біз соғыссыз, бейбіт елде өмір сүруіміз үшін олар жандарын берді. Ендігі кезек бізде. Өзі де аз қалған батырларымызға қамқорлық көрсетейік.

Жеңіс! Жеңіс! 1945 жылдың 9-шы мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіген отандастарымыздың қуанышында шек болмады, жер жүзі халықтарының қуаныштан жүректері лүпіл қақты. Біз, жас ұрпақ, ата-бабаларымыздың даңқты ерлігін ұмытпауға тиіспіз. Жандарын қиып жаумен айқасқан ерлеріміз аса жоғары құрметке лайық. Тек қана 9 мамыр күні құттықтамай, басқа күндерде де бізге егемендік сыйлаған азаматтарымызды еске алып отырғанымыз жөн.

Біздің арманымыз жер бетінен соғыс деген сөз мәңгілікке жойылса екен.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Суханцова Юлия**

5 сынып, Петропавл қаласы  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Кабденова Нұргүл Бәйкенқызы

Адамдар! Ақтық демдерің біткенше есте сақтаңдар!  
Бақыттың қандай бағамен келгені естеріңде болсын!  
Р.Рождественский.

1941 жылдың 22 маусымы тамаша күн болып еді. Соғыс басталды деген қорқынышты жаңалықты естіген кезде адамдар өздерінің күнделікті істерімен айналысып жүрген. Осыған дейін Еуропаны жаулап алған фашистік Германия сол күні біздің Отанымызға тап берді. Біздің жауды жең алатынымызға ешкім күманданған жоқ. Патриоттығымыз бен батырлығымыздың арқасында біздің халқымыз осы жаман уақытты басынан өткере алды.

Өткен ғасырдың 1941-1945 жылдары аралығында еліміз миллиондаған адамдардан айырылды. Олар жеріміз бен билігіміз үшін аяусыз айқастарда құрбан болды. Болып жатқан жағдайларға осы адамдардың бір де бірі кінәлі емес болатын. Олар жай ғана өздерінің елін қорғады. Бұл әрқайсысы үшін қиын уақыт болды.

1942 жылдың күзі немістер қазіргі Санкт-Петербург қаласы – Ленинградқа дейін жетті. Қаланы қоршауға алу үш жылға жуық уақытқа созылды. Сол уақыттың ішінде адамдар суықты да, аштықты да, ашынуды да бастарынан кешірді. Тірі қалу үшін иттер мен мысықтарды жеді. Дегенмен, қала жауға қарсы төтеп бере алды, ұнжырғасы түске жоқ, ал адамдар қатал қанішерге айналған жоқ. Олар өз Отанына адал болуды жалғастыра берді.

Әкемнің атасы, менің арғы атам өзінің алған жарақатының тарихын айтып берген. Бұл тарих біздің отбасымызда ұрпақтан ұрпаққа айтылып келеді. Бұл 1944 жылы Қызыл Әскер келгенде, Брест қамалының жанында болған. Менің арғы атам өзінің жанындағылардан қалып қойған. Атыс басталып кетеді де оның қолына оқ тиеді. Ол жолдың жиегіне құлап түседі және қансырай бастайды, ал маңайында ешкім болмайды. Арғы атам енді өмірімен қоштаса бастайды, осылай неше сағат жатқанын да білмейді. Сосын оны біреу жұлқылап арбаға отырғызып жатқанда есін жинайды. Ол арбада мүлдем бөтен кісі келе жатқанын және оны арбаға отырғызып госпитальге әкелгенін айтқан. Мүлдем танымайтын бөтен адам оның өмірін сақтап қалды деп айтуға болады. Арғы атам оның атын да білмейтінін айтқан. Міне, соғыста осылай болған.

Бүгінгі күні өмір сүріп жатқан әр адам Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне шексіз алғыс білдіруі тиіс. Себебі осы кісілердің арқасында тыныштық орнаған әлем құрылды. Біз сол жаман кездерді есте сақтауға және

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

тарихты ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз, өйткені қаншама құрбан болған адамдар саны біздің ұлы Отанымызға фашизмді жеңуге кедергі болған жоқ. Біз 71 жыл бұрын біздің ата-бабаларымыздың берілмей, жеңілмей, өз Отанына адал патриот болып қалғаны үшін мақтануға міндеттіміз. Қазір соғыс жоқ, бұл өте маңызды. Біз барлағымыз достық пен татулықта өмір сүреміз.

Біздің аспанымызда әскери ұшақтар ұшпайды, бізді фашисттер атпайды. Бізге бомбапанада жасырыну қажет емес. Біз далада еркін жүріп, серуендейміз. Аспанымыз тыныш, күніміз ашық. Бізге осындай өмір сыйлаған ата-бабаларымызға мәңгі қарыздармыз.

## Сұлтан Асылзат

Көтерді бәрін ауырдың,  
Азамат болып арды ақтар.  
Көрдің бе жарын арудың,  
Соғыстан қайтқан солдаттар?

- деп халқымыздың көрнекті ақындарының бірі Сырбай Мәуленов жырлағандай, сұм соғыс қай шаңыраққа қайғы–шер әкелмеді десеңізші?! Соғыс-күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де ешкім де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл сайын азайып барады. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халық үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы!

Ұлы Отан соғысы... Бұл тарихта мәңгі қалатын күн. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл барлығымызға ортақ мереке. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі біздер үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл-бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның дамуы мен қайта өрлеуінің негізі. Жеңіс күні - абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Батырларымыздың табандылығы мен ерлігінің арқасында, Отанға деген сүйіспеншілігінің арқасында олар қатал соғыста жеңіске жетті. Сол жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, еліне, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді.

Қазақ- ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының тарихына көз жіберер болсақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. 100-ден астам адам- Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт Қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар- Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы- мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстаққа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев. Партизандардың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

катарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов, ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлының ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Ашық аспанның астында бейбіт өмір сүріп жатқанымыз, сол кезде жанын салып қорғаған батырларымыздың арқасы. Солардың бірі - Жәлел Қизатов. Жәлел атамыз 1920 жылы қазан айының 9-ы жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданында дүниеге келген. Әкесі Қизат Бекмағамбетұлы 1922 жылы 33 жасында қайтыс болған. Анасы Жамал Есенкелді руынан шыққан. Әкесінен жастай жетім қалса да жетімдік, жоқтық, қорлық көрмей өсуіне атасы көп еңбек сіңірді.

Жәлел 1927 жылдың күзінде көршілес Игебай ауылында ашылған мектептің есігін ашады. Оны бітіріп, ауылда жеті жылдық мектеп жоқ болғандықтан, оқуын Қызылжардағы теміржол ФЗУ–да жалғастырады. Бірақ 1933 жылы оқуын тастап ауылға келеді де, 1934 жылдан бастап колхозда жұмыс істейді. 1936 жылы Ақжардағы ( Покровка ) ауыл шаруашылық техникумына оқуға түседі. 1940 жылдың 8 ақпаны күні Жәлелге аудандық соғыс комиссариатының шақыру қағазы тиді. Ол бұл кезде «Қарағай» колхозындағы бастауыш мектептің меңгерушісі еді. 1941 жылы ҰОС басталған соң аянбай қызмет етіп совет армиясының генералдарымен командирлеріне өзінің соғыс өнерін жете білетіндігін дәлелдейді. Днепрдегі соғысты жеңіспен аяқтаған көп жауынгерлерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1944 жылы 15 қаңтарда арқаның арыс ұлы Жәлел «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды.

Сонымен қатар, ол әдебиет майданына да араласқан. Он алты повесть, екі поэма, жүзге тарта өлеңдер, әңгімелер жазды. Соңғы шыққан кітабы «Өмір мен өлім».

Жәлел Қизатов арқаның ардақтысы, арысы, қадірменді ұлы, қазақ халқының мақтан тұтар азаматы тарих бетінде мәңгі сақталатын қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, 2 рет Ленин ордені, 3 рет Қызыл Еңбек Ту орденімен наградталған, 30-ға тарта медальдардың иегері.

Бүгінгі таңда мен Жәлел Қизатов атындағы Есіл ауыл шаруашылық колледжінде білім алудамын. Оқып жатқаным көп уақыт болмаса да ол кісі жайлы оқытушыларымнан біраз мағлұматтарды білдім. Жәлел атамыз жайлы жазылған кітаптардан оны жақсы тануымызға көмектеседі. Ерекше тұлға оқып бітірген осындай білім ордасында оқып жатқанымды мен де мақтан етемін!

Біз жастар – болашақ біздің қолымызда! Сан – аламан майданнан аман өткен елімізді жанын салып қорғаған, бізге осындай бақыт таңын сыйлаған батырларымызды қанша мақтап – мадақтасақ та артықтық етпейді. Ашық көк аспанның астында, бейбіт өмірді сыйлаған сіздерге біздің алғысымыз шексіз және мұны келер ұрпаққа кеудемізді кернеген ерекше сезіммен, толғаныспен жеткізу біздің парыз!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Сіздер – мәңгілік тарих бетіне алтын таңбамен қаласыздар. Оған күмәнім жоқ!

Лүпіл қаққан пәк жүрегімнен шыққан мына өлең жолдарымен шығармамды аяқтағым келеді.

Қиын кезде болып жүрген қорғаныш,  
Тілейтіні бейбіт өмір, ар – намыс  
Тәуелсіздік таңын бізге сыйлаған,  
Батыл жүрек батырларға мың алғыс!  
Біз келеміз өсіп – өніп көгере,  
Беріп кеткен ұлан байтақ бұл жерде  
Ерек орны біздер үшін олардың,  
Өмірлері – жас ұрпаққа өнеге!!!

Темірболатов Шыңғыс,  
Батыр Бауыржан

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік  
Бауыржан Момышұлы

Ұлы Отан соғысы...

Адам баласы үшін соғыстан асқан кесепат жоқ. Соғыс! Жалғыз ауыз сөз. Бірақ қандай қорқынышты?! Соғыс дегеніміз – қайғы-қасірет, қантөгіс, өлім-жетім. Соғыс дегеніміз – күн сайын туған-туыстан, жақын-жорадан, қарулас досыңнан айырылу. Тарихта небір алапат соғыс болғанмен, солардың бірде-бірі екінші дүниежүзілік соғыспен теңесе алмайды. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Елімізде соғыс оты шарпымаған шаңырақ қалмады. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған қайсар жауынгерлеріміздің бірі – Бауыржан Момышұлы еді.

Ұзын бойлы, қара сұр Момыштың ұлы Бауыржан сол кезде отыздың үстіндегі жас жігіт еді.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316 - атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды.

Бауыржан атамyzдың қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамyzдың есімі берілді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген құрмет еді. Оның «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деген өсиетінің өмірде орындалғанын білдіреді.

Ержүрек батырдың кітаптарың оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқыңа деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын.

Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларыңызды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіңе, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығыңа таң қаламын. Шығармаларыңызда әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сіздің арманыңыз – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн.

Сіздің тағлымыңызды зер сала оқып - үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт. Осыны ойлаған кезде сіздің: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелерінің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», – деген өсиетіңіз ойға оралады.

Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі дәуірмен де үндесіп жатыр.

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,  
Деп жылап сорлы қазақ мен өлгенде.  
Ұрпақ атар 80 мен жүздігімді,  
Тарихтың түкпіріне сөз келгенде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

– деп өзіңіз айтқандай, 1990 жылы кеш те болса сізге «Кеңестер Одағының Батыры» атағы берілді. «Бауыржан жұлдызды болған күн – қазақтың жұлдызы жанған күн» деп Елбасымыз сіздің халықпен бірге екендігіңізді толғана, тебірене айтты. Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Сол қан майданда тобығынан қан, толарсағынан саз кешіп жүріп, қар жастанып, мұз төсеніп, қасық қаны қалғанша Отанын, жерін жау тебіндісінен азат етемін деп түн ұйқысын төрт емес, қырық бөлікке бөлгені – бүгінгі ұрпағының азат елге, бейбітшілік аспаны аясында өмір сүрсін деген аяулы арманы. Сондықтан оны жадымызда сақтап, жанарымыздан өшірмеу – бізге сын.